Бекітемін
«Т.Есетов атындағы №264 мектеп – лицейі» КММ директоры
Б.С. Тумурзаев

Ерекше білім беру қажеттілігі бар оқушыларға арналған жеке және топтық сабақтардың түзете-дамыту бағдарламасы

Арнайы педагог: Қирабай Г.С

1-сынып деңгейі

«Әліппе» пәні бойынша жеке оқу бағдарламасы

Бірінші жартыжылдық

	Бөлімше атауы	Оқу мақсаттары, күтілетін нәтиже	Жетістіктерін белгілеу +, -
1	**Тыңдалым мен айтылым**	- 1.1.1.1 тыңдау барысында тілдік бірліктерді (сөйлеу, сөз, сөйлем) түсіну, ажырату; - 1.1.2.1 мұғалімнің көмегімен мәтінде кім? (не?) туралы айтылғанын анықтау - 1.1.3.1 сөйлем құрастыру; - 1.1.4.1 сөздегі бірінші дыбысты ажырата білу; - 1.1.5.1 артикуляциялық және тыныс алу жаттығуларын жасай білу;	
2	**Жазуға дайындық**	- 1.3.5.1 сөздер мен сөйлемдердің құрылымын сызба арқылы түсініп, тани білуі (сөздегі буын санын, сөйлемдегі сөз санын анықтау); - 1.3.6.1 баспа мәтіннен буындар мен сөздерді көшіріп жазу; - 1.3.6.2 дыбыстық-әріптік талдаудан кейін әріптерді, буындарды қолжазба мәтінінен көшіріп жазу; - 1.3.7.1 сөзді, сөздегі дыбыс орнын, сөздегі буын санын белгілеу үшін шартты-графикалық жазбаны қолдану; - 1.3.7.2 тиісті суретке байланысты сөз сызбасын таңдау;	
3	**Оқуға дайындық**	- 1.2.4.1 әріпті тану, ажырату және оны дыбыспен сәйкестендіру; - 1.2.4.4 Аа, Оо, Лл, Тт, Мм, Пп, Нн, Рр, Уу, Ғғ, Сс, Йй дыбысы мен әріпін меңгеру;	
Оқытудың әдіс-тәсілдерін қолдану және оқыту процесін ұйымдастыру бойынша ұсынымдар			
	1. Арнайы педагог жеке және топтық сабақтарда жаңа материалды түсіндіреді. Мұғалім өтілген тақырыпты қайталайды, бекітеді; 2. Арнайы педагог жеке оқу бағдарламасына сәйкес арнайы мектептерге арналған оқулықтармен жұмыс жасайды, мұғалімдер жұмыс дәптерлерін қолданады. 3. Білім алушыға оқу тапсырмасы кезең-кезеңімен, нақты, бөліктерге бөлініп ұсынылады; 4. Тапсырмаларды түсіндіру үшін иллюстрациялар мен нақты заттарды, арнайы дидактикалық материалдар қолданылады; **ЗЕЙІН ШОҒЫРЛАНДЫРУ ҮШІН:**	

	1. Орындалатын тапсырманың мақсатына міндетті түрде назар аударады; 2. Жетістіктері ескеріледі; 3. Мадақтаудың әр түрлі әдістері қолданылады. **БЖБ, ТЖБ тапсырмалары** жеке оқу бағдарламасына сәйкес құрастырылады және жеке кабинетте орындалады.

1-сынып деңгейі

«Математика» пәні бойынша жеке оқу бағдарламасы

Бірінші жартыжылдық

	Бөлімше атауы	Оқу мақсаттары, күтілетін нәтиже	Жетістіктерін белгілеу +, -
1	**Уақытты білдіретін ұғымдар**	- 1.1.12.1 өз өмірінің жарқын оқиғаларын «кеше», «бүгін», «ертең» ұғымдармен сәйкестендіру; - 1.1.12.2 өз өміріндегі оқиғаларды тәуілікті білдіретін: таң, күн, кеш,түн сөздермен сәйкестендіру; - 1.1.12.4 тәулік атауларын ретімен атау;	
2	**Кеңістіктік ұғымдар**	- 1.1.10.5 өз денесінің бөліктерінің орналасу жерін атау: жоғарыда-бас, мойын, кеуде; төменде-аяқтар; алдыңғы жағында – бет, кеуде, іш; артқы жағында – ұштама, арқа; оң – сол қол, аяқ, көз, құлақ, жақ; - 1.1.10.9 кеңістікте заттардың қозғалыс бағытын атау: алға-артқа, оңға-солға, шетіне;	
3	**Сандық ұғымдар**	- 1.1.9.3 мұғалімге еліктеуі бойынша, үлгі бойынша, өздігінен сұйық және сусымалы заттардың санына қарай көбейту және азайту; - 1.1.9.4 салыстырылатын 2-3 жиындардың, сұйық және сусымалы заттардың санын атау (көп-аз, көптеу – аздау, бірнеше, бірде-бір, көп, тең, тең емес);	
4	**Заттың пішінін білдіретін ұғымдар**	- 1.1.13.2. үлгі бойынша, атауына қарай геометриялық пішіндер модельдері арасынан дөңгелек, сопақ, шаршы, үшбұрышты табу; - 1.1.13.5 куб, шар, шаршы, шеңбер, үшбұрыш, сияқты геометриялық пішіндерді атап беру;	
5	**Нөмірлеу**	- 1.2.1.7 1 – 3 аралығындағы сандарды жазу; - 1.2.1.5 бірінші бестіктің санақтағы әр бір санның орнын (анықтау) білу; - 1.2.1.7 1 – 3 аралығындағы сандарды жазу; - 1.2.1.5 бірінші бестіктің санақтағы әр бір санның орнын (анықтау) білу; - 1.2.1.10 екі кіші сандардан 2, 3, сандарын құрастыруға болатындығын атау;	

Оқытудың әдіс-тәсілдерін қолдану және оқыту процесін ұйымдастыру бойынша ұсынымдар	
	5. Арнайы педагог жеке және топтық сабақтарда жаңа материалды түсіндіреді. Мұғалім өтілген тақырыпты қайталайды, бекітеді; 6. Арнайы педагог жеке оқу бағдарламасына сәйкес арнайы мектептерге арналған оқулықтармен жұмыс жасайды, мұғалімдер жұмыс дәптерлерін қолданады. 7. Білім алушыға оқу тапсырмасы кезең-кезеңімен, нақты, бөліктерге бөлініп ұсынылады; 8. Тапсырмаларды түсіндіру үшін иллюстрациялар мен нақты заттарды, арнайы дидактикалық материалдар қолданылады; **ЗЕЙІН ШОҒЫРЛАНДЫРУ ҮШІН:** 4. Орындалатын тапсырманың мақсатына міндетті түрде назар аударады; 5. Жетістіктері ескеріледі; 6. Мадақтаудың әр түрлі әдістері қолданылады. **БЖБ, ТЖБ тапсырмалары** жеке оқу бағдарламасына сәйкес құрастырылады және жеке кабинетте орындалады.